

Yespekova Lyazzat Aubakirkyzy – Candidate of Philological Sciences, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Professor of the Department of linguistics, Republic of Kazakhstan, 010000 Astana, tel.: 87021941997, e-mail: espekova@bk.ru.

Жуманбаева Риза Оразгалиевна* – докторант Евразийского Национального Университета имени Л.Н. Гумилева, старший преподаватель НАО “Торайғыров Университет”, Казахстан, г. Павлодар, 140001, ул. Толстого 68, тел.: 87755810727; e-mail: riza16041981@mail.ru.

Еспекова Ләззат Әубәкірқызы – кандидат филологических наук, профессор Евразийского Национального Университета имени Л.Н. Гумилева, профессор кафедры «Языкознания», Казахстан, г. Астана, 010000, тел.: 87021941997, e-mail: espekova@bk.ru.

Жуманбаева Риза Оразгалиевна* – Л.Н. Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университетінің докторанты, КеАҚ «Торайғыров Университет» аға оқытушы, Қазақстан Республикасы, 140001, Павлодар қаласы, Толстой 68 көшесі, тел.: 87755810727, e-mail: riza16041981@mail.ru.

Еспекова Ләззат Әубәкірқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, «Тіл білімі» кафедрасының профессоры, Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, тел.: 87021941997, e-mail: riza16041981@mail.ru.

ӘОЖ 378.147

FTAMP 14.25

https://doi.org/10.52269/22266070_2024_1_130

БІЛІМ БЕРУДЕ СИНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТҮҒЫР НЕГІЗІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ФЫЛЫМИ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Исабекова А.К.* – I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің педагогика және психология жоғары мектебінің магистрі, Талдықорған қаласы, Қазақстан Республикасы.

Катенов А. К. – I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің әлеуметтік-гуманитарлық пәндерінің жоғары мектебінің құрметті профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты, Талдықорған қаласы, Қазақстан Республикасы.

Мақалада педагогика ғылымындағы синергетикалық тәсілдің рөлі көрсетілген, оны қолдану мүмкіндіктері талданған. Синергетикалық тәсіл педагогикалық ғылымдағы өзін-өзі ұйымдастыру процесі ретінде қарастырылады, оны қолдану мүмкіндіктері талданады. Жұмыста педагогикалық білім беруде кеңінен қолдануға мүмкіндік беретін синергетикалық идеяның теориялық негіздері көлтірілген. Бұл жұмыста синергетиканың негізгі бағыттары көрсетілген. Педагогикада синергетикалық тәсілді қолдану білім саласын тұластай басқаруға және оқу процесінде мұғалімдердің өзін-өзі тәрбиелеуін ұйымдастыруды жаңа тәсілдерді табуға мүмкіндік береді. Синергетикалық тәсілдің өзекілігі оның жүйелілікі, ашықтықты, инновацияны талап ету тұрғысынан дайындықты, педагогикалық ғылым жүйесіндегі өзгерістерді қалыптастырудың әлеуетіне байланысты. Сондай-ақ, мектеп мұғалімдерінің жаңа білім мен тәжірибе алуға деген қызығушылығын анықтау мақсатында негізделген өзіндік зерттеу нәтижелері ұсынылған. Алынған зерттеулер бойынша мұғалімдер инновацияларға, білім беру саласындағы инновацияларға, олардың синергетикалық тәсіл саласына мән беруіне қызығушылық танытты. Мақала педагогикалық қоғам үшін практикалық маңызы бар, өйткені ол мұғалімдердің біліктілігін арттыруға, білім беру жүйесі мен өзін-өзі дамыту теориясын жоспарлау мән ұйымдастырудың негізгі мақсатына тез және тиімді қол жеткізуге ықпал етеді.

Түйінді сөздер: синергетикалық тұғыр, білім беру, өзін-өзі ұйымдастыр, педагогикалық жүйе, мұғалімнің біліктілігі.

НАУЧНО-ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ОРГАНИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ НА ОСНОВЕ СИНЕРГЕТИЧЕСКОГО ПОДХОДА

Исабекова А.К.* – Высшая школа педагогики и психологии Жетысусского университета им. И. Жансугурова, магистр, Казахстан, г. Талдыкорган.

Катенов А.К. – кандидат исторических наук, почетный профессор Высшей школы социально-гуманитарных дисциплин Жетысусского университета имени И. Жансугурова, Казахстан, город Талдыкорган.

В статье показана роль синергетического подхода в педагогической науке, который рассматривается как процесс самоорганизации в педагогической науке, проанализированы

возможности его применения. В работе представлены теоретические основы синергетической идеи, дающие возможность широко использовать в педагогическом образовании, показаны основные направления синергетики. Применение синергетического подхода в педагогике находит возможным управлять качеством образования в целостности и находить новые подходы в организации самообразования учителей в учебном процессе. Актуальность синергетического подхода обуславливается его потенциалом в формирование системности, открытости, готовности, с современных позиций требования, инновации, перемен в системе педагогической науки. Также представлены результаты самостоятельного исследования, проведенные с целью выявления интереса учителей школы к приобретению новых знаний и опыта. По полученным результатам был отмечен у учителей интерес к инновациям в сфере образования в целом, понимание значимости области синергетического подхода. Практическое значение исследования для педагогического общества высока, поскольку она способствует повышению квалификации педагогов, быстрому и эффективному достижению основной цели планирования и организации в системе образования и общей теории саморазвития.

Ключевые слова: синергетический подход, образование, самоорганизация, педагогическая система, квалификация учителя.

SCIENTIFIC AND THEORETICAL FOUNDATIONS OF THE ORGANIZATION OF EDUCATION BASED ON A SYNERGETIC APPROACH

Issabekova A.K. – Master, Higher School of Pedagogy and Psychology, Zhetsu university named after I.Zhansugurov, Taldykorgan, Republic of Kazakhstan.*

Katenov A.K. – Candidate of Historical Sciences, Honorary Professor of the Higher School of Social and Humanitarian Disciplines, Zhetsu university named after I.Zhansugurov, Taldykorgan, Republic of Kazakhstan.

The article demonstrates the pivotal role of the synergistic approach in pedagogical science, framing it as an inherent process of self-organization within educational realms, while also delving into its prospective applications. It shows the theoretical foundations of the synergistic concept, offering a broad spectrum of potential applications in pedagogical training and outlining the primary areas of synergy. Leveraging the synergistic approach in pedagogy is envisaged as a conduit for orchestrating comprehensive educational quality management and seeking new methods for teacher self-development within the academic activities. The pertinence of the synergistic approach is underscored by its capacity to foster consistency, receptiveness, preparedness, and innovation, all in response to contemporary exigencies and transformations within pedagogical science. Furthermore, the article presents findings from independent research endeavors aimed at gauging educators' interest in acquiring new insights and experiences. The outcomes illuminate educators' keen interest in educational innovations at large and their discernment of the key role of the synergistic approach. The practical importance of this research for the pedagogical community is paramount, as it serves to elevate educators' competencies and expedite reaching core target of educational planning and organization and general self-development theory.

Key words: synergistic approach, education, self-organization, pedagogical system, teacher qualifications.

Кіріспе

ХХ ғасырдың аяғындағы жаһандық өркениет дағдарысы адам қызметінің барлық салапарында көрініс тапты. Себебі біз өзін-өзі жоюдың тұрақсыз шекарасында, техногендік өркениеттің кең дамуының шекарасында көптеген циклдік әлеуметтік-мәдени процестердің кедегісінен туындаған «бифуркация дәүіріне» кірдік. Ал жаңа ақпараттық қоғамның өзін-өзі ұйымдастыру үрдістері планетарлық дағдарыстан шығудың кепілі бола алады. Олай болса, өзін-өзі ұйымдастыру теориясы немесе синергетика ғылыминың алар орыны ерекше.

Зерттеу мақсаты – әдістемелік жұмыстарды синергетикалық тұрғыда ұйымдастыру негізінде мұғалімдердің көсіби мәртебесін қалыптастырудың кешенді бағдарламасы – ғылыми негізделген, тәжірибелік жұмыстың педагогикалық шарттарын анықтау.

Зерттеу міндетті білім берудегі синергетикалық тұғыр негізінде ұйымдастырудың ғылыми негіздерін айқындау.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Синергетика әдістерінің тарихы XIX ғасырдағы көптеген көрнекті адамдардың аттарымен байланысты. Біріншіден, бұл сыйықтық емес динамика және дифференциалдық теңдеулердің сапалық теориясын жасаған және әдістердің негізін қалаған француз математигі, физигі философ Анри Пуанкаре еңбектерінен басталады. Ол ғылымға «ашық жүйелер», «тартушылар», «бифуркация нүктелері», «хаос» ұғымдарын енгізді [1,6.86].

Осы еңбектегі идеялардың жалғасы ретінде синергетикалық ойлар мен пікірлер өткен ғасырдың 70 – жылдарында әрі қарай дамып, «синергетика» термині Герман Хакеннің еңбектері арқылы ғылыми әдебиетке енді. Қысқа уақыт ішінде, (шамамен 30 жыл) синергетика пәнаралық және кросс-мәдени әволюцияның «жол картасында» бірнеше рет пайда болды. Қазіргі кезде синергетика әу баста пайда болған жаратылыстану саласында ғана емес, әлеуметтану, философия, психология сияқты гуманитарлық салаларда да жіңі қолданылып, пәнаралық сипатта ие болды. Олай болса, осы терминнің мәніне және білімдегі орнына тоқталуды жөн көрдік [2, б.138].

Зерттеу әдістері ретінде ғылыми психологиялық-педагогикалық зерттеулердің нәтижелерін ғылыми-теориялық әдебиеттерді талдау, жинақтау, қорытындылау, мектеп мұғалімдерінің жаңа білім мен тәжірибе алуға деген қызығушылығын анықтау мақсатында негізделген өзіндік зерттеу

Синергетика («синергейя» – бірлесіп әрекеттесу, ынтымақтасу) немесе өзін-өзі дамыту теориясы педагогика үшін эвристикалық мәні бар тұлғаны дамытудың әмбебап үлгілерін іздеуге бағытталған күрделі жүйе болып табылады. Синергетика өзін-өзі үйымдастыратын үрдістердің жүзеге асуының нақты тәсілдеріне көніл бөледі, үрдістің интерсубъектілік коммуникативті тұрғыда үйымдастырылуын тірек етеді. Синергетикада жүйенің ішкі элементтерінің өзін-өзі үйымдастырып, өзін-өзі дамытуына жол ашылады [3,б.576].

Адамның әрекетінің әртүрлі саласында оның өзін-өзі үйымдастыруының көріністерін байқауға болады. Педагогикада бұл – өмірдің өзгерүіне, жаңа талаптарға байланысты мақсаттардың пайда болуы, қозғалыс, тербелістердің туындауы. Әрі қарай білім беру сияқты ашық жүйенің барлық элементтерінің әлеуетін біріктіріп, өзін-өзі үйымдастыруы арқылы тәртіпке келуі, жаңаңың құрылымының тууы, күрделенуі, дамуы түрінде көрініс береді. Бұл жағдайда психология, педагогика, әлеуметтануда ортақ қасиеттер пайда болатын тәсіл синергетика орын алады.

Өзін-өзі үйымдастыру тәмендегідей құндылықтарға негізделеді:

- **абсолютті құндылық** – адамды өзінің табиғаты мен өзінің жеке мүмкіндіктері негізінде өзін-өзі жетілдіре алатын тіршілік иесін ретінде тану;
- **адам** – бала да, ересек адам да, өзін-өзі үйымдастыру тек өзара тану атмосферасында ғана маңыздылық пен құндылықтарға ие болады;
- **адам өмірі мен дәнсаулығы** – кез – келген өркениетті қоғамның, демек, балалар мен ересектер қауымдастырының, осы қоғамның элементі ретіндегі бірлестіктің сөзсіз негізгі құндылықтары;
- **бостандық** – адамның өз өмірін үйымдастырудың тәсілі мен формасын таңдау мүмкіндігі ретінде;
- **құқық** – қоғамдағы қарым-қатынастың негізі ретінде, егер әркімнің басқалармен тен құқығы болса және әр адамның құқығы басқасының құқығымен шектелсе; жауапкершілік құқық пен таңдау арасындағы шара ретінде біріншісін де және екіншісін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Бұдан шығар қорытындыны И.Пригожиннің әлемге синергетикалық тұрғыдан зер салу арқылы болашақтың ғылыми жасалады, адамдар санасында табиғи үрдістердің қайталанбастьыры, уақыт жайлы түсініктерге революциялық өзгерістер әкеледі деген пікірімен тұжырымдауға болады [4, б.74].

Білім беру көптеген салалармен (мысалы, әлеуметтік, құқықтық, саясат және экономика) өзара әрекеттесетіндіктен, білім беру жүйесінің маңызды стейхолдерлерінің бірі болып табылатын мұғалімнің кәсібілігі және мәртебесі басқа салалардың дамуына да әсер етеді [5, б.53–68].

Қазіргі кезде синергетикалық идеялар білім беру саласында кеңінен қолданылып келеді. Атап айтсақ, В.Г.Будановтың пікірінше, білім беру үрдісіне синергетиканы енгізу үш бағытта журуі керек:

- **білім үшін синергетика:** (SYNERGETICS FOR) орта және жоғары мектепте кіріктірілген курстар жасау, біліктілікті арттыру жүйесінде арнайы курстар үйымдастыру, оқу әдебиеттерін жинақтау. Бұл – әлемнің тұтастырын түсіну шептеріне спиральды көтерілуге жағдай жасайды.
- **білімдегі синергетика:** (SYNERGETICS IN) жеке пәндер мазмұнына синергетиканың үстаннымдарын бейнелейтін материалдар, оның қалыптасуы, дамуы, қажеттілігін түсінуге жағдай жасау; бұл болашақта пәнаралық диалогтың көлденең өрісін, ғылым мен мәдениеттің тұтастық өрісін құруға мүмкіндік береді.

• **білімнің синергетикасы:** (SYNERGETICS OF) тұлғаның қалыптасуы мен дамуы үрдісін синергетикаландыру. Оқыту үрдісінде педагогикалық шеберлік пен авторлық техниканың жоғары мысалдары, біртұтас синергетикалық тәсілдердің қолданудың ең жақсы үлгілері болып табылады. Бірақ бүгінгі таңда мәселе біртұтас техниканы құру емес, мұғалімнің өзіндік әдістемесі мен стилін саналы түрде құруға үйрету маңызды болып табылады [6,б.119].

Автордың пайыздарынша педагогикалық шеберліктің үлгілері мен әртүрлі авторлық бағдарламалар – синергетикалық тәсілдің ең озық үлгілері. Ең бастысы – педагогқа адам туралы ғылымдар шенберінде қалып, өзінің дамуының тек өзіне тән әдістемесін жасауга көмектесу қажет.

Дәл осы айтылғандарды біз қарастырып отырған мектепшілік әдістемелік жұмыстарды үйымдастырудың қолдануда оның тұтас жүйе екендігі ескеріледі. Ал жүйе элементтері – әдістемелік жұмыстардың қатысушылары мұғалімдер. Жүйені синергиялау нәтижесінде ішкі элементтерде қозғалыс пайда болып, олар бифуркациялық нүктелерде тоғысады, жаңа тәжірибелік тетіктерді

менгериүне жағдай жасалады. Осылайша әр әлемнен тің өзін-өзі үйімдастырыу, «қамшылауы» негізінде кәсібілік, шығармашылық орын алып, мәртебеге қол жеткізіледі деп санаймыз.

Қазақстандық ғалымдар З.Ж. Жанабаев, Б.А. Мукушевтердің пікірінше, білім беру жүйесіне синергетика идеясын ендіруге сауатты жаңа көзқарас қажет. Тек сонда ғана синергетика білім беру жүйесінің парадигмасы ретінде қолданыла алады. Егер педагогикада оқушылардың білімі, дағдылары мен тәрбиесі қалыптастыру қажет болса, онда жаңа парадигма жағдайында шығармашылық бағастамалар мен тұлғалық мәдениеттерді дамыту мәселесі шешіледі.

Синергетика саласының мамандарының көзқарастары бойынша, білім беру жүйесінің мақсаттары мен міндеттерін шешу үшін ұш негізгі шарт орындалуы тиіс: сзықтық емес (нелинейность), теңсіздік (неравновесность) және ашықтық (незамкнутость). Ол келесідей ұсынылуы мүмкін және бірнеше нақты жағдайларға ие болуы шарт.

Педагогикалық жүйе:

- ақпарат пен энергия сыртқы әлеммен алмасуы үшін ашық болуы керек;
 - педагогикалық процестің тиімділігін жоғарылату мен олардың бастамашылығының көрінісі ретінде өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу, өзін-өзі жүзеге асыру арқылы сипатталатын белсенді, жігерлі принцип қамтылуы тиіс;
 - сыртынан қысым жасалмай, даму жолдарын өз бетінше анықтауға мүмкіндік беретін таңдауға еркіндік берілуі тиіс;
 - білім беру және практикалық қызметтен басқа, оң нәтижеге қол жеткізуге бағытталған бастамаларды іске асыруы тиіс;
 - өзін-өзі дамыту мақсаттарына, педагогтардың, студенттердің, оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға, құндылық бағдарларын қалыптастыруға бағытталуы керек [7,6.35].

Бұл жағдайлар педагогиканың басты мәселесі болып саналатын білім беру жүйесін өзін-өзі дамыту процесін, өзін-өзі басқару процесін іске асырудың ең маңызды факторы болып табылады деп санаймыз. Тек сонда ғана мұғалімнің кәсіптік белсенділігін мен кәсіби шеберлігін арттыру, қазіргі заманғы жоғары және орта мектептердің шынайылығы, мұғалімнің кәсіби әдістемелік түрғыдан өсүі мүмкін болады. Кәсіби даму іс-шаралары мұғалімдерге пайдалы болатын дағдыларды дамытуға оқыту практикасына және оқушылардың дамуына көмектеседі [8,6.181–199].

Сонымен қатар, педагогикалық үрдісте синергетиканы басшылықта алу, атальмыш үрдістің барлық элементтерінің өзін-өзі үйімдастыру қабілетін арттырады. Өйткені оған: оқушылар, мұғалімдер, студенттер, топтар, ақпараттар ашық жүйелер енеді. Сондықтан синергетикалық тұғыр педагогикада қолданылатын жүйелілік-қызметтік әдістердің дамуы болып есептеледі. Ал оның нәтижесі білімнің мақсаттары мен мазмұнының өзгеруінде, жаңа парадигманың пайда болуында, ақпараттармен алмасу құралы ретіндегі жаңа технологиялардың қолданылуында, басқару үрдісін синергетикаландыруда көрінеді.

Білімдегі синергетикалық тәсіл дамыта оқыту педагогикасы мен оқу әрекетін үйімдастыру мәселе сімен де тығыз байланысты. Мысалы: О.С. Анисимовтың зерттеулерінде тұлғаның өзін-өзі дамытуының мәні, оқу үрдісінде оны қалыптастырудың мүмкіндіктері қарастырылады, өзін-өзі дамытатын окуды үйімдастырудың психологиялық-педагогикалық негіздемесі ұсынылады. Білім алушылардың өзін-өзі дамыту қабілеттерін қалыптастыруды қамтамасыз ететін шығармашылық ойлау мен шығармашылық педагогикалық әрекеттерге ерекше көніл бөлінеді [9, с.746]. Бұл біз көтеріп отырған педагогтың мәртебелі болуының құрамаларына кіретін болғандықтан, автордың ойының біз үшін маңызы бар.

Синергетикалық әдістер туралы Е.Н. Князева мен С.П. Курдюмов білімдік үрдісте өзін-өзі үйымдастыру немесе өз бетінше білім алу, өз білімін толықтырудың тәсілдерін менгеру деген көзқарасын білдіреді. Авторлардың, білім алу процедурасы ашық диалог, тікелей кері байланыс, ал синергетикалық тәсіл өз өзімен және басқа адамдармен ынтымақтастық барысында ішкі қорларды (әлеуетті) жетілдіру деген пікірлерінің біз қарастырып отырған мәселенің мәнін ашуадағы маңызы зор [10, с.414].

Білімдегі синергетикаға қатысты ой-пікірлерді талдауды әрі қарай жалғастыра келе, Г.М. Коджаспированың «синергия» ұғымы «білім беру» тұжырымдамасына өте жақын екендігіне тоқталғандығын атап өтеміз. Фалым адамды тәрбиелу үшін әлемді синергетикалық түсіну маңызды: ойлаудың синергетикалық тәсілі ашықтық, диалог және қарым-қатынаспен сипатталады. Синергетика адам өмірінің ең күрделі ішкі зандарын зерделеу кезінде педагогикалық процестің пәні ретінде мұғалімге бағынатындығына назар аударады [11, с.176].

Синергетикалық білім беру, сондай-ақ өзін-өзі тәрбиелу, өзін-өзі анықтау, өз қабілеттерін ынталандыруға бағытталған жаңа педагогиканың негізін құрайды. Осыған байланысты, кәсіби дағдыларға деген сұраныстың артуы пайда болады.


Зерттеу нәтижелері мен талдау

Көптеген ғалымдар (О. В.Долженко, В. Л. Шатуновский және т. б.) өздерінің мақалаларында синергетикалық көзқарас түрғысынан оқыту технологиясын жетілдіру процесін қарастырады [12, с 51, 13 с.35].

Қазіргі кездегі педагогикалық зерттеулер бұл саланың түрлі құбылыстарын синергетикалық көзқарас тұрғысынан түсіндіруге мүмкіндік берді. Мысалы: Н.В. Макарова – жоғары мектептің ақпараттандыруын [14, с.768], Г.И. Аксенова – теориялық білім моделін құруда мұғалімнің субъектілік позициясын [15, с.448], Ю.В. Шаронин – үздіксіз білім беру жүйесінде адамның шығармашылық қасиеттерін психологиялық-педагогикалық негіздерді зерттеуде қалыптастыруды синергетикалық үрдіс деп санайды [16, с.22].

Алынған нәтижелер көрсеткендегі, респонденттер мұғалімнің көсібілігіне шығармашылық жұмыстар өсіреле: шеберлік – сыныптар, семинарлар, өз білімін жетілдіру және т.б. формалар тиімділігін көрсетті.

«Педагогикадағы синергетикалық тұғыр туралы білесіз бе?» түріндегі сауалнаманың қайта қойылуынан алынған жауаптар қорытындысы тәмендегідей болды (1 сурет).



Сурет 1 – «Педагогикадағы синергетикалық тұғыр туралы білесіз бе?»
сауалнамасының қорытынды нәтижелері

Зерттеу қорытындысында респонденттердің дейінгі және кейінгі бақылау, эксперимент топтардың 6%-дан 43% дейін синергетикалық тұғыр туралы елеулі өзгерістерді байқады.

Бұл зерттеулердегі синергетика – адамның өзін-өзі үйімдастыруы толыққанды, тәртіптік жүйеде, мәдениет идеалдарымен бірлесе дамуы ретінде қарастырылады. Ол өз кезегінде білім берудің «ашық үлгісі» парадигмасына сәйкес келеді. Ал ашық білім:

- әлемнің ашықтығы, адамның, табиғат пен қоғамның тұтастығы мен өзара байланысы туралы синергетикалық идеяларды қалыптастыру үдерістеріне ену және енгізу;
- бүгінгі күні мұғаліммен тікелей қарым-қатынастан гөрі, білім беруде маңызды рөл атқаратын түрлі ақпараттық жүйелерді еркін пайдалану;
- оқу үрдісінің жеке бағыты;
- оқушының ең маңызды міндеттіне психологиялық ахуал орнату, соның арқасында білім беру үнемі іздестіру мен өзгеру үрдісінде жүреді, сонымен бірге жаңа бағдарлар мен мақсаттарды қалыптастырады;
- мұғалімнің рөлін өзгерту: ашық, өзгеретін, қайтарылмайтын әлемдегі жаңа, нетривиалды жағдайлардағы қазіргі заманғы әрекеттерге көшу деген мағынаны білдіреді.

Соңғы жүзжылдықта педагогика дамуының әдіснамасы ғылыми-техникалық революция жетістіктеріне байланысты бірнеше әдістемелік парадигмалардың ауысымен сипатталады. Оның құрылымы қаралайым, үш ғылыми бағыт пен теориядан (дидактика, мектеп және білім беру теориясы) тұратын көптеген ғылыми бағыттардан тұратын күрделі құрылымға айналды. Бұдан басқа, адамның білім беру және тәрбиелеу саласындағы жаңа және түпнұсқа нәтижелері психология, өлеуметтану, экономика, кибернетика және т.б. ғылымдар аясынан алынған. Мұндай жағдайларда педагогикалық зерттеулерде антропоцентристік жүйеден синергетикалық тұғырға көшу ұсынылады.

Жоғарыда айтылғандардан қазіргі заманғы білім беру жүйелерін зерттеу мақсаты синергетиканың әдістемелік базасын – күрделі жүйелердің эволюциясын, құрылымын, процестерін және өзін-өзі үйімдастыру құбылыстарын зерттейтін ғылым – педагогиканың әдіснамалық негіздерін дамытуға қызымет жасайтындығын көруге болады.

Ғалым К.С.Буровтың пайымдауынша: Жүйелік синергетикалық көзқарас ережелеріне сәйкес, әдістемелік жұмыстың басқару жүйесі **морфологиялық, құрылымдық, функционалдық және генетикалық аспектілерде** сипатталған.

Жалпы осы тақырыпта инновацияларға назар аудару өте қажет. Шын мәнінде өзгеріс сыртқы ортага және қоршаган ортага байланысты барлық үйімдарға қатысты. Үйімның дамуы үшін: ол сыртқы ортадағы және үйімның өзгеруіне сәйкес өз мақсаттарын бағалауы және өзгертуі тиіс; мерзімді түрде құрылымды өзгерту керек, яғни, бөлу және жауапкершілік жүйесін өзгертуге;

технологиялар мен міндеттерді өзгерту керек; адамдар олардың техникалық дайындығы, мотивациясы, жеке және топтық қарым-қатынасқа дайындық, жұмыс сапасын бағалау және т.б.) өзгеру тиіс.

Осылайша, біз қарастырып отырған синергетика идеясына негіздеу бүгінгі білім бер жүйесінің алдында тұрған көптеген мәселелерді шешуге ықпал етеді. Ол үшін осы идеяларды түсіну қажеттілігі бар деп есептейміз.

Зерттеу барысында зерделенген еңбектерді қорытындылай келе, білім беру – ашық жүйе, өйткені, *біріншіден*, онда тұрақты алмасу процесі жүреді, мұғалім мен окушы арасындағы ақпарат (білім), және кері коммуникациямен мақсатты түрде алу. Осы процесс барысында оқытудың тиімді әдістері мен құралдары пайда болды. *Екіншіден*, жаңа мақсаттарға негізделген білім беру мазмұны өзгереді. *Үшіншіден*, үнемі өсіп келе жатқан ақпараттық кеңістік білім беру жүйесін тұрақты тепе-тендіктен шығарады деген тұжырым жасаймыз.

Қорытынды

Келтірілген тұырымдарды қорытындылай келе, педагогиканың синергетикалық концепциялары бойынша синергетика білім беру жүйелерінің өзін-өзі үйымдастыру мен өзін-өзі дамыту заңдары мен үлгілері негізінде білім беруде және білім беру жұмыстарды үйымдастыруға тікелей қатынасы бар. Бұл мәселе алдағы перспективаларда зерттеле береді, себебі синергетикалық идеяларды пайдалану мүмкіндігі өлі де өлі де күнге дейін толық әрі жеткілікті түрде зерделенді деуге болмайды. Дегенмен жоғарыда айтылған ғалымдардың пікіріне және тәжірибелеге сай мектептегі білім беру синергетиканың ережесімен сәйкестендіру, педагогтардың ішкі әлеміне қозғау салып, белсенділігін өзектілендіретіндігі, сол арқылы тануға, шығармашылыққа деген ынтастын арттыратындығына күмән келтіруге болмайды.

ӘДЕБІЕТТЕР:

1. **Пуанкаре А. О науке** [Текст] / А. Пуанкаре // М. Наука – 1990. – изд. 2-е. – С. 89.
2. **Основы научных исследований** [Текст]: учебник для бакалавриата / Под ред. О.В. Плебанек. – СПб.: Издательство Университета при МПА ЕврАЗЭС, 2023. – 236 с. (Серия «Учебники Университета при МПА ЕврАЗЭС» ISSN 2782-151Х).
3. **Безручко, Б.П. Путь в синергетику: экскурс в десяти лекциях** [Текст] / Б. П. Безручко, А. А. Короновский, Д. И. Трубецков, А. Е. Храмов; Предисл. С. Мирова, Г. Малинецкого. – Изд. 3-е, испр. – М.: УРСС: ЛЕНАНД, 2015. – 301 с. – (Сер. "Синергетика: от прошлого к будущему"; N 24).
4. **Тютин А.А., Худоминский П.В. и др. Основы внутришкольного управления** [Текст] / под ред. П.В. Худоминского //Педагогика. – М. – 1987. – С.74.
5. **Yaman, E., Yaman, H., & Eskicumali, A. A research on the socio-economic status of the teaching profession/the transformation of this profession into a female profession and the faculty of education Sakarya University Faculty of Education Journal.** [Text] / E. Yaman, H. Yaman, & A Eskicumali – 2001. – 2: – 53-68
6. **Богомолова, Л.И. История, современные проблемы и методология науки и образования** [Электронный ресурс]: учеб. пособие / Л. И. Богомолова, Л. А. Романова // Современные проблемы образования и методология педагогического исследования. – Владимир: Изд-во ВлГУ, 2021. – 648 с.
7. **Рахинский Д.В., Лунев В.В., Лунева Т.А., Щебляков Е.С. Принципы проектирования учебного процесса в условиях самоорганизации студентов: синергетический подход** // Педагогика и просвещение. – 2021. – № 2. – С. 32-39. DOI: 10.7256/2454-0676.2021.2.35320.
8. **Desimone, L.M. Improving impact studies of teachers' professional development: Toward better conceptualizations and measures.** Educational Researcher [Text] / L. M. Desimone. – 2009. № 38(3): – 181–199. <https://doi.org/10.3102%2F0013189X08331140>.
9. **Анисимов О.С. Культура и духовность в мышлении стратега: энциклопедия управленческих знаний** [Текст] / О. С. Анисимов // М. Угрешская типография. – 2012. – С.746.
10. **Князева Е.Н., Курдюмов С.П. Основания синергетики: Режимы с обострением, самоорганизация, темпомиры** [Текст] / Е.Н. Князева, С.П. Курдюмов // СПб: Алетейя, – 2002. – С.414.
11. **Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Педагогический словарь:** Для студ. высш. и сред. пед. учеб. заведений. – //М.: Издательский центр «Академия». – 2000. – С.176.
12. **Долженко О.В. Очерки по философии образования:** Учеб. пособие. [Текст] О.В Долженко // М. Промо-Медиа, – 1995. – С.51.
13. **Шатуновский В.Л. Теория и практика разработки системы дидакто-методического обеспечения процесса обучения студентов общеинженерным дисциплинам** [Текст]: автореф. дис. . д-ра пед. наук./ В.Л. Шатуновский – М.: 1989. – 35 с.
14. **Макарова Н.В. Информатика: учебник/Под. Ред.проф.Н.В. Макаровой.-3-е перераб.** [Текст] Н.В Макарова// Изд.Москва.: Финансы и статистика. – 2009. – С.768

15. Аксенова Г.И. **Формирование субъективной позиции учителя в процессе профессиональной подготовки** [Текст] : дисс. ...канд.пед. наук/ Г.И. Аксенова – М.; 1998. – 448 с.
16. Шаронин Ю.В. **Психолого-педагогические основы формирования качеств творческой личности в системе непрерывного образования. (Синергетический подход)** [Текст]/ Ю.В Шаронин // М., МГИУ. ИОО МОПО РФ. – 1998. – 22 С.

REFERENCES:

1. Puankare A. O nauke [About science]. Moscow, Nauka, 1990, 89 p. (In Russian).
2. Osnovy' nauchny'h issledovanij [Fundamentals of Scientific Research]. Saint Petersburg, Izdatel'stvo Universiteta pri MPA EvrAzE'S, 2023, 236 p. (In Russian).
3. Bezruchko B.P., Koronovsky A.A., Trubetskoy D.I., Khramov A.E. Put' v sinergetiku: e'kskurs v desyati lekciyah [The path to synergetics: an excursion in the form of ten lectures]. Moscow, URSS: LENAND, 2015, 301 p. (In Russian).
4. Tütin A.A., Hudominski P.V. et al. Osnovy' vnutrishkol'nogo upravleniya [Fundamentals of Intra-School Management]. Moscow. Pedagogika, 1987, 74 p. (In Russian).
5. Yaman E., Yaman H., Eskicumali A. A research on the socio-economic status of the teaching profession/the transformation of this profession into a female profession and the faculty of education. *Sakarya University Faculty of Education Journal*, 2001, 2, pp. 53–68.
6. Bogomolova L.I., Romanova L.A. Istorya, sovremennoye problemy i metodologiya nauki i obrazovaniya. Sovremennye problemy obrazovaniya i metodologiya pedagogicheskogo issledovaniya [History, modern topics and methodology of science and education. Modern topics of education and methodology of pedagogical research]. Vladimir State University named after Alexander Grigorievich and Nikolai Grigorievich Stoletovs, Vladimir, Izdatel'stvo VIGU, 2021, 648 p. (In Russian).
7. Rahinskij D.V., Lunev V.V., Luneva T.A., Shheblyakov E.S. Principy' proektirovaniya uchebnogo processa v usloviyah samoorganizacii studentov: sinergeticheskij podhod [Principles of designing the educational process in conditions of self-organization of students: a synergetic approach]. *Pedagogika i prosveshhenie*, 2021, no.2, pp. 32-39, DOI: 10.7256/2454-0676.2021.2.35320. (In Russian).
8. Desimone L. M. Improving impact studies of teachers' professional development: Toward better conceptualizations and measures. *Educational Researcher*, 2009, no.38(3), pp. 181–199. <https://doi.org/10.3102%2F0013189X08331140>.
9. Anisimov O.S. Kultura i duhovnost' v my'shlenii stratega: e'nciklopediya upravlencheskih znanij [Culture and spirituality in the strategical thinking: an encyclopedia of management knowledge]. Moscow, Ugresskaya tipografiyaa, 2012, 746 p. (In Russian).
10. Knyazeva E.N., Kurdyumov S.P. Osnovaniya sinergetiki: Rezhimy' s obostreniem, samoorganizaciya, tempomiry' [Foundations of synergetics: escalated regimes, self-organization, tempo worlds]. Saint Petersburg, Aleteya, 2002, 414 p. (In Russian).
11. Kodzhaspirova G.M., Kodzhaspirov A.Yu. Pedagogicheskij slovar': Dlya studentov vy'sshih i srednih pedagogicheskikh uchebny'h zavedenij [Pedagogical Dictionary: For students of higher and secondary pedagogical educational institutions]. Moscow, Izdatel'skij centr «Akademiya», 2000, 176 p. (In Russian).
12. Dolzhenko O.V. Ocherki po filosofii obrazovaniya: Uchebnoe posobie [Essays on the philosophy of education: training manual]. Moscow, Promo-Media, 1995, 51 p. (In Russian).
13. Shatunovskij B.L. Teoriya i praktika razrabotki sistemy' didakto-metodicheskogo obespecheniya processa obucheniya studentov obshheinzhenernym disciplinam [Theory and practice of developing a system of didactic and methodological support for teaching students in general engineering disciplines]. Abstract of Doctor's degree dissertation, Moscow, 1989, 35 p. (In Russian).
14. Makarova N.V. Informatika: uchebnik [Computer science: textbook]. Moscow, Finansy' i statistika, 2009, 768 p. (In Russian).
15. Aksanova G.I. Formirovanie sub"ektivnoj pozicii uchitelya v processe professional'noj podgotovki [Formation of a teacher's subjective position in the process of professional training]. PhD thesis, Moscow, 1998, 448 p. (In Russian).
16. Sharonin Yu.V. Psihologo-pedagogicheskie osnovy' formirovaniya kachestv tvorcheskoy lichnosti v sisteme nepreryvnogo obrazovaniya. (Sinergeticheskij podhod) [Psychological and pedagogical foundations of the development of the creative personality qualities within the continuous education system. (Synergetic approach)]. Moscow, MGU. IOO MOPO RF, 1998, 22 p. (In Russian).

Авторлар туралы мәліметтер:

Исабекова Айнаш Кабуловна* – педагогика және психология жөнүү мектебінің магистри, І. Жансұгиров атындағы Жемісу мемлекеттік университетінің педагогика және психология жөнүү

мектебі, Қазақстан Республикасы, 040000, Талдықорған қ., Г.Орманов к., 55 /49, тел. 87770108391, e-mail: a.kz.80@mail.ru.

Катенов Амангельды Камалович – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің өлеуметтік-гуманитарлық пәндерінің жоғары мектебінің оқытушы-лекторы, Қазақстан Республикасы, 040000, Талдықорған қ., Калиев к., 1, тел. 87771280233, e-mail: a.kz.80@mail.ru.

Исабекова Айнаш Кабуловна* – магистр, преподаватель-лектор высшей школы педагогики и психологии, Жетысуский государственный университет имени И.Жансугурова, Республика Казахстан, 040000, г. Талдыкорган, ул. Г.Орманова 55 /49, тел. 87770108391, e-mail: a.kz.80@mail.ru.

Катенов Амангельды Камалович – кандидат исторических наук, профессор преподаватель-лектор высшей школы гуманитарных дисциплин, Жетысуский государственный университет имени И. Жансугурова, Республика Казахстан, 040000, г.Талдыкорган, ул. Калиева 1, тел. 87771280233, e-mail: a.kz.80@mail.ru.

Issabekova Ainash Kabulovna – Master, Lecturer of the Higher School of Pedagogy and Psychology, Zhetsu university named after I.Zhansugurov, Republic of Kazakhstan, 040000 Taldykorgan, 55/49 G.Ormanova Str., tel.: 87770108391, e-mail: a.kz.80@mail.ru.*

Katenov Amangeldy Kamalovich – Candidate of Historical Sciences, Professor-lecturer of the Higher School of Social and Humanitarian Disciplines, Zhetsu university named after I.Zhansugurov, Republic of Kazakhstan, 040000 Taldykorgan, 1 Kaliyev Str., tel.: 87771280233, e-mail: a.kz.80@mail.ru.

МРНТИ 14.25.07

УДК 373.31

https://doi.org/10.52269/22266070_2024_1_137

ПОДГОТОВКА БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ К РАЗВИТИЮ МЕТАПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Каратеева Т.О.* – доктор PhD, и.о.ассоциированного профессора ОП «Педагогика и психология», НАО «Аркалықский педагогический институт им. И. Алтынсарина», Аркалық, Казахстан.

Калимжанова Р.Л. – доктор PhD, и.о.ассоциированного профессора кафедры педагогики, психологии и специального образования, НАО «Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы», Костанай, Казахстан.

Баженова Э.Д. – доктор PhD, ассоциированный профессор (доцент) ОП «Общего развития высшей школы физической культуры и искусства», НАО «Жетысуский университет им. И.Жансугурова», Талдыкорган, Казахстан.

Мнайдарова С.С. – доктор PhD, старший менеджер отдела дополнительного профессионального образования Центра педагогического мастерства АО «Назарбаев Интеллектуальные школы», Астана, Казахстан.

В данной статье авторами изложены результаты исследования проблемы подготовки будущих учителей к развитию метапознавательной активности младших школьников. Актуальность темы исследования обусловлена потребностью в совершенствовании методических условий подготовки будущих учителей к этой относительно новой педагогической задаче, отражающей запросы общества. Уточняются основные понятия: метапознание, метапознавательная активность младшего школьника. В ходе исследования были использованы как общенаучные, так и специальные и межотраслевые методы.

Авторами проанализированы, обобщены актуальные подходы к пониманию роли и сущности метапознавательной активности в развитии современного общества и его потребностей. На основании анализа и систематизации казахстанских и зарубежных трудов в области подходов к подготовке будущих учителей к развитию медопознавательной активности младших школьников выявлены ключевые концептуальные основы совершенствования методических условий подготовки педагогов.

В результатах и обсуждениях изложена выявлена взаимосвязь между социальным запросом, потребностями вузов в совершенствовании подготовки и личностными потребностями будущего учителя как профессионала. Определены перспективы использования STA-концепции и разработан STA-комплекс ключевых критериев подготовки будущих учителей к развитию метапознавательной активности младших школьников, а также предложена технологическая карта его внедрения, разработанная на основе тезаурусного метода.